

SAIASAT НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ – ДӘУІР ТУДЫРҒАН ТҮЛҒА 4-бет	QOҒAM ІРЛІГІМІЗ ДЕ, ТІРЛІГІМІЗ ДЕ – БІРЛІГІМІЗДЕ 7-бет	АЛЕМ & QAZAQSTAN ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ СОҒЫС 8-бет	ZERDE ТАҢҒЫ СӨЗ АЛДЫНДАҒЫ ТҮНП ОЙЛАР 10-бет
---	---	--	--

Бедерлі белес биігі: кемеңгерліктің 30 жылы



Сурет: Елбасының баспасөз қызметінен алынды

Жан-жақты жаңғырулар көшін түзеген тәуелсіз еліміздегі іргелі өзгерістерді бүгінде әлем жұртшылығы мойындап үлгерген. Тарих толқынында талай қилы кезеңдерді басынан өткерсе де, кемел келешекке керуен тартқан жас мемлекеттің жарқын жетістіктерінің бастауында Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың ерен еңбегі бар. Азаттықтың алтын бесігіне баланған Алматыда мемлекет дамуын биік межеге жеткізген қайраткер тұлғаның саяси көшбасшылық құбылысын зерттеуге арналған «Кемеңгерліктің 30 жылы» атты халықаралық ғылыми конференция ұйымдастырылды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен өткен алқалы басқосуға әлем елдерінен келген сарабдал сарапшылар мен егемендіктің елеу-аланында Елбасымен қоян-қолтық жұмыс істеген зиялы қауым өкілдері жиналды.

Айнаш ЕСАЛИ,
Арман ОКТЯБРЬ,
«Egemen Qazaqstan»

Халықаралық маңызы бар жиында ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 30 жылда Қазақстанның экономика мен саясат, мәдениет пен білім саласында жеткен жетістіктеріне жекелей тоқталды. Президент осынау жылдар ішінде

Қазақстан биік белестерге көтеріліп, елдегі экономикалық бағдарламалар өз жемісін бергенін, ішкі жалпы өнім көлемі он есеге ұлғайғанын, Қазақстанның тарихы, шын мәнінде, мемлекетіміздің негізін қалаушы Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың көшбасшылық тарихы екенін атап өтті.

– Бұл жай ғана мерейтойлық дата емес, «қазақстандық даму» жолын анықтаған ел

тарихындағы аса маңызды кезең болды. Қазіргі заман дамуының қарқыны мүлде өзгеше. Бәсекеге толы заманда өмір сүріп келеміз. Бәрімізге Елбасының айқындап берген адал болу, ел игілігіне еңбек етуді басты мақсат деп түсіну қағидасынан сабақ алу қажет, – деді конференцияны ашқан Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаев Елбасының басшылығымен посткеңестік

кеңестікте ең табысты мемлекеттік құрылыс жобасы жүзеге асырылғанын шетелдік сарапшылардың мойындайтынын айтты. Баяндамада айтылғандай, инфляцияның шарықтаған, кәсіпорындардың жұмысы тұралаған, тауарлардың жаппай тапшылығы күшейген кездегі посткеңестік экономиканың қирандысының орнына әлемнің ең дамыған 50 елінің қатарына қосылған қуатты мемлекет құрылды.

Мемлекет басшысы қазіргі халықаралық қатынастардың негізгі факторларына айналған Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Шанхай ынтымақтастық ұйымы, Еуразиялық экономикалық одақтың құрылуы

сияқты Елбасының сыртқы саясаттағы бастамаларына жан-жақты тоқталды.

– Қазақстан орасан зор ядролық қарудан өз еркімен бас тартып, Жер бетіндегі ірі ядролық полигондардың бірін жапты. Елбасы әлемдік дипломатия тарихына жаһандық ядролық қаруға қарсы қозғалыстың көшбасшысы ретінде енді. Тұңғыш Президент қана Қазақстанның астанасында Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының әзірге осы мыңжылдықтағы алғашқы әрі жалғыз саммитін өткізіп, Еуразиялық қауіпсіздік декларациясын қабылдады. Елбасы әлемнің ең биік мінберлерінен халықаралық қатынастарды түбегейлі реформалауға бағытталған ұсыныстарын жеткізді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

(Соңы 2,3-беттерде)

■ ПРЕЗИДЕНТ ПОШТАСЫНАН

Президенттік қызметінде табыс тіледі

Қасым-Жомарт Тоқаевты Ұлыбританияның Премьер-министрі Тереза Мэй құттықтады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Ұлыбританияның Премьер-министрі Тереза Мэйдің Қасым-Жомарт Тоқаевты Қазақстан Президенті лауазымына сайлануымен құттықтаған жеделхаты келіп түсті.

«27 наурыздағы құттықтау хатымда Британия-Қазақстан

қатынастарының нығайып келе жатқанын атап өттім. Сол сәттен бастап елдеріміз арасындағы байланыстардың арта түскеніне қуаныштымын», деп жазған Тереза Мэй.

Біріккен Корольдіктің Министрлер кабинетінің

басшысы екіжақты іс-қимылдарды одан әрі дамытудың маңыздылығын атап өтті.

«Сіздің президенттік қызметіңіздің барысында Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы саяси, экономикалық және мәдени салалардағы ынтымақтастықтың жалғаса беретініне, сондай-ақ елдеріміз арасындағы өзара қарым-қатынастардың одан әрі нығая түсетініне сенімдімін», делінген жеделхатта.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ӨКІМІ

Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысын шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциясының 58-бабы 4-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Парламенті палаталарының бірлескен отырысы 2019 жылғы 28 маусымда сағат 10-да Нұр-Сұлтан қаласында шақырылсын.

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы
Н.НЫҒМАТУЛИН

Нұр-Сұлтан қаласы, 2019 жылғы 22 маусым, №37

■ ТОЛҒАНДЫРАП ТАҚЫРЫП

Елден елдің несі артық?

2000 жылдан бергі халықтың көші-қоны туралы статистикалық деректерге көз жүгіртсеңіз, еріксіз күрсінудің мүмкін. 2000-2017 жылдар аралығында елімізден бас-аяғы 950 846 адам шетелге кеткен. 1 миллионға жуық жан. Бір ғана 2017 жылы 155 749 адам шекара асыпты, оның 31 952-сі – 14 пен 28 жас аралығындағы азамат. Еңбекке қабілетті, бойында күш-қуаты тасыған, болашағын бағамдайтын буын, ертенгі күніне мақсат қоятын кезеңде неге шетелге кетеді?

Айдана ШОТБАЙҚЫЗЫ,
«Egemen Qazaqstan»

Президент жанындағы Қазақстан стратегиялық зерттеулер институтының бас ғылыми қызметкері Ирина Черных: «Көші-қонның тұрақсыздығын анықтайтын бірнеше негізгі факторларды бөліп көрсетуге болады», дейді. Олар: елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың өзгеруі; халықтың белгілі бір топтарының қандай да бір психологиялық жайсыздығы; саяси жағдай

тұрақтылығына сенімсіздік; адамдарды тарту бойынша бірқатар көрші елдердің белсенді саясаты; қазақстандық азаматтықтың салыстырмалы «әлсіздігі». Адамдардың елден кетуіне осы тақырыптан тыс жүрген кез келген жан жобалай алатын үш себеп бар: оқу, жұмыс, жайлы өмір.

Білім беру жүйесі жақсы

Біз көбіне балаларымызды шетелге шығаратын

«Болашақ» бағдарламасын ғана білеміз. Шын мәнінде сыртта білім алудың басқа да жолдары, сан түрлі бағдарламалары көп. Айталық, Венгрияның Stipendium Hungaricum бағдарламасы аясында Қазақстанға жылына 200 грант бөлінеді. Аталған грантты ұтып алған Болат Етекбаев Венгрияның (University of Debrecen) белді университетінде Engineering Management мамандығы бойынша оқиды. Грантта оқу ақысы, ай сайынғы стипендия (бакалавриат және магистратураға шамамен 110 мың теңге көлемінде, докторантураға – шамамен 190 мың теңге), виза және медициналық сақтандыру кіреді. «Конкурс талаптары аса қиын болды деп айта алмаймын. Біріншіден, алдыңғы оқудың орташа балы жоғары болу керек.

(Соңы 7-бетте)



Бедерлі белес биігі:

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мемлекет басшысы сөз соңында Қазақстанның Тұңғыш Президенті саналы ғұмырын халқына қызмет етуге арнаған елінің адал перзенті әрі жаһандық деңгейдегі саясаткер екенін атап өтті.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев еліміздің ең жоғары лауазымындағы қызметіне баға бергені үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа ризашылығын білдіріп, осыдан 30 жыл бұрын Қазақстан қандай қиындықтарды басынан кешіргенін еске алды. Кеңес өкіметі ыдырағаннан кейін барлық ауыртпалығымен жеке-дара қалған Қазақ елін бедерлі жылдар белесіндегі биік табыстарға жеткізу оңай болмағанын, ең әуелі ішкі экономикалық жағдайларды қолға алып, әлеуметтің әлеуетін көтеруге ден қойғанын айтты.

– Бүгінгі басқосуда баршаңызды, әсіресе, ескі, таныс достарымды, әріптестерімді көргеніме қуаныштымын. Естен кетпес 1989 жыл уақыт өткен сайын алыстап барады. Сол кезде сіздер мені Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы лауазымына сайлап едіңіздер. Өздеріңіз көп жыл бойы куә болған ел мүддесі жолындағы қызметім дәл сол күні басталған болатын. Біз тәуелсіз Қазақстанның іргесін бірге қаладық. Егемен еліміздің жаңа тарихын жазуды бірге бастадық. Мен осы жиында жастарды да көріп отырғанымға қуаныштымын. Біз 30 жыл бойы жас ұрпақтың жарқын болашағы үшін жұмыс істеп, халқымызға қызмет еттік, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.



Сондай-ақ Елбасы қоңсылас жатқан мемлекеттер мен шетел басшылары арасында диалог орнатып, өндіріс орындарын жаңа заман сұранысына қарай өркендеткенін, елдегі саяси-экономикалық реформалар сәтімен іске асып, соның арқасында жүйелі жұмыстар атқарылғанын жеткізді.

– Сол кездегі беделді басшылар Горбачев пен Ельцин 1990-жылдардың басында маған КСРО Премьер-министрі болуды ұсынған болатын. Егер мен Кеңестер Одағы Үкіметінің басшылығына келген жағдайда қалай болар еді деген сұрақтар әлі күнге дейін талқыланып жүр, бірақ бұл маңызды емес. Сол кезде мен өмірімдегі ең маңызды шешімді қабылдадым. Сол уақыттан бастап менің басты міндетім – туған Қазақстанымның тағдыры болды. Сол жылдары саясаткер ретінде стратегиялық ойлаудың маңызын алғаш рет түсіндім. Осы алмағайып заманда кемемді қай жағалауға жеткізсем деген үлкен таңдау алдында тұрдым. Қазір сол қиындықтарды қалай шешкенімді айтсам деп отырмын. 1990-жылдары мен және Қазақстан қандай сынақтармен

бетпе-бет келді? Біріншіден, экономиканың тоқырауы. Экономикалық байланыстардың үзілуі, гиперинфляция, бюджеттік тапшылық болды. Халықтың табысы төмендеді, жаппай жұмыссыздық орын алды. Қазақстандағы 130 кәсіпорын өз жұмысын тоқтатты. 90-жылдары ДЖӨ 60 пайызға төмендеп, өнеркәсіп 28 пайызға қысқарды. Бізге қысқа уақыт ішінде іс-әрекет жоспарын құруға тура келді. Нарықтық экономиканы құра бастадық. Қазақстан тез әрі тиімді реформа жүргізді деген пайымды жиі естідік. Біз өте үлкен жұмыс атқардық, – деп атап өтті Елбасы.

Осы жылдар ішінде қол жеткізген жетістіктердің барлығы табанды еңбектің нәтижесінде келді. Сондықтан егемендігімізді тұғырдан тайдырып алудан асқан қасірет жоқ екенін айтқан Нұрсұлтан Назарбаев, ел жастарын тәуелсіздік дейтін қастерлі ұғымның қасиетін тереңнен зерделеуге шақырды.

– Осы орайда мен «Қазақстан-2050» Стратегиясындағы сөзімді қайталап айтсам деймін. Алдағы сынақтардан сүрінбей өту біздің өзімізге, бекем бірлігімізге байланысты. Ауызбіршілік пен тұрақтылық болғанда ғана еліміз өсіп-өркендей алады. Қазақ халқы бірліктің арқасында жауларын жеңіп, елі мен жерін сақтап қалған. Қазақты бағындырып, бодан ету үшін хандығын тартып алып, жүзге, руға бөлінуін айлакерлікпен пайдаланған. Қазір де біздің еліміздің табыстарын көре алмайтын, байлығымызға қызғатын аз емес. Оны ешқашан ұмытпауымыз үшін Олар ішімізге ірікті салу қажет. Олар бүгінгі еркін күнінен, азат Отанынан айырылып қалатынын түсіне бермейді. Мемлекет бұған жол бермеуі қажет. Бүкіл халық болып бірлікті, тыныштықты қолдау керек. Қазақ дәл бүгінгідей өмірді ешқашан көрген жоқ. Айырылып қалмайық. Менің еліме айтатын негізгі өсиетім осы. Ұлы Абайдың «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» дегені де осы болар. Ұмытпайық. Халық пен Президент әрдайым бірге. Біз барлық жетістікке ынтымақтың арқасында қол жеткіздік. Ішкі қарама-қайшылыққа тап болған елдер ілгері емес, кейін кетіп, әлемдік дамудың көшінен қалып қойды. Ата-бабамыз: «Отан – оттан да ыстық», «Отан үшін отқа түс, күймейсің», «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деп бекер айтпаған. Осылайша, олар Отанды сүюге,



елді береке-бірлікте болуға шақырды. Мен алдыңғы толқын аға буынға сөзімді арнаймын! Сіздер пайым-парасаттарыңыз бен көрегендітеріңізге сүйеніп, жастарға дұрыс бағыт-бағдар берулеріңіз керек. Олар Отанды сүюдің, мемлекетті нығайтудың, тәуелсіздікті қорғаудың және жарқын болашақ үшін жұмыс істеудің маңыздылығын жете түсінуге тиіс, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Конференция жұмысына қатысушылар саяси көшбасшылық феноменіне байланысты саяси, тарихи, экономикалық, құқықтық және басқа да аспектілерді бірнеше тақырыпқа бөліп «Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына қосқан үлесі», «Елбасының тарихи миссиясы», «Елбасының жаһандық және аймақтық бастамалары», «Саяси көшбасшылық феномені: тарих, ерекшеліктері, өзгешелігі» бағыттары бойынша өз ойларын ортаға салды. Елбасымен үзегілес болған әріптестері оның ішкі саяси тұрақтылық пен тыныштықты әрқаз бірінші кезекке қойып, қыспаққа алған қаржы дағдарыстары кезінде де елді еленалаңнан аман алып шыққанын тебірене баяндады.

– Осыдан тұп-тура 30 жыл бұрын дәл осы сарайда тарихи оқиға болды – Қазақстан басшысы ауысты. Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы болып Нұрсұлтан Назарбаев сайланды. Осылайша Қазақстан тарихында тарихи кезең басталды. Ел басшылығына келген Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің жаңашыл көзқарасымен, адами қасиеттерімен тез арада көпшілікті Қазақстан халқының сүйікті басшысына айналды, елдің сеніміне бөленді. Парасат-пайымымен, білім-білігімен іргелі істердің

іске асуына мұрындық болды. Сондықтан еліміздің экономикалық, қоғамдық-саяси, ішкі-сыртқы саясат, мәдени-рухани саласындағы жетістіктердің барлығы Назарбаев атқарған істер жылнамасында жазылады. Мұндай кеменгер тұлғамен тізе қосып жұмыс істеу бақыты бұйырғанына зор қуаныштымын, – деді конференцияда алғашқылардың бірі болып сөз алған «Жанару» жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысының жетекшісі, Демократиялық күштердің жалпыұлттық коалициясының мүшесі Оралбай Әбдікерімов.

Халықаралық конференцияның пленарлық отырысына Ресей Ғылым академиясы Жалпы тарих институтының директоры Михаил Липкин, Парламент Мәжілісінің депутаты Қуаныш Сұлтанов, Шанхай қоғамдық ғылым академиясының Ресей және Орталық Азияны зерттеу орталығының директоры Давэй Пан, Өзбекстан Президенті жанындағы Стратегиялар және аймақаралық зерттеулер институтының директоры Элдор Тахиров, Қырғыз Республикасының экс-Мемлекеттік хатшысы Осмонакун Ибраимов, америкалық саясаттанушы және журналист Ариэль Коэн, Өзбекстан Республикасы Милли Меджлисінің депутаты, Өзбекстан Мемлекеттік басқару академиясының жанындағы Саяси зерттеулер институтының директоры Эльман Насиров, «Валдай» халықаралық пікірталас клубының бағдарламалық директоры, Ресей СІМ Мәскеу мемлекеттік халықаралық қатынастар институтының (МГИМО) халықаралық зерттеулер институтының директоры Андрей Сушенцов, мемлекет және қоғам қайраткері Равиль Шырдабаев қатысты.

– Әлемдік саясат сахнасында Назарбаевтың стратегиялық бағдарлау қабілетін, өз мемлекетінің мүддесін бірінші орынға қоя отырып, халықаралық аренада оны сауатты қорғай білу қасиетін ерекше бағалап, құрметтейміз. Назарбаев – халықаралық жағдайларды тереңнен сезінетін тұлға. Оның партия басшысынан жалпыұлттық лидер болып қалыптасуы 1990-жылдардың басындағы «дауыл мен қысым» уақытында өтті. Ол Қазақстанды ішкі саяси дамуымен қатар сыртқы саясат дамуында да алға шығара алды. Кеңестік өмір тәжірибесі мен заманауи дамудың болашағы бар басымдықтарын жете сезіне алу үйлесімділігі Нұрсұлтан Назарбаевтың бірегей саяси стилін айшықтайды, – деп атап өтті Ресей Ғылым академиясы Жалпы тарих институтының директоры Эльман Насиров.

Ал Өзбекстан Республикасы Милли Меджлисінің депутаты, Өзбекстан Мемлекеттік басқару академиясы жанындағы Саяси зерттеулер институтының директоры Эльман Насиров: – Қазақстан Нұрсұлтан Әбішұлының басшылығымен әлемде жоғары беделі бар қуатты мемлекетке айналды. Оның жарқын көрсеткіші – осы елдің БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне мүше ретінде төрағалық етуі. Нұрсұлтан Назарбаев көптеген табысты жобаларға бастамашы болу арқылы өңірлік мәселелерде ерекше рөл атқаруда, сондай-ақ ол тек біздің өңірде ғана емес, әлемдік деңгейде де бейбітшілікті нығайтуға ауқымды үлесін қосуда. Оның Сирияда бейбітшілік орнату мен қатерлерді азайтуға арналған бітімгершілік ұстанымы әлемдік қоғамдастық тарапынан жоғары бағасын алды. Ең бастысы, ол ұзақ жылдарға созылған шиеленістің түйінін шешті. Нұрсұлтан Назарбаев – күллі түркі әлеміне ортақ тұлға. Оның

арқасында түркі тілдес елдердің қарым-қатынасы жаңа сипатқа ие болды. Қазақстан мен Өзбекстан арасындағы ынтымақтастық нығайды. Ол түбі бір түркі халықтарының бірлігін ту етіп, ынтымағын бекемдеуге айтулы үлес қосты, – деп Елбасының саясаттың мақсат-мұратын жүрекпен ұққан, тілекпен түйсінген тұлға екенін баса айтты.

Шанхай қоғамдық ғылымдар академиясының Ресей және Орталық Азияны зерттеу орталығының директоры Давэй Пан «Елбасының Қазақстанды 30 жыл басқаруы: Қытайдан көзқарас» атты баяндамасында Нұрсұлтан Назарбаевтың аумақтық ынтымақтастық пен қауіпсіздік ісіне қосқан үлесіне баса назар аударды.

– 1992 жылы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңесті құру туралы идея ұсынды. Бұл Кеңес ынтымақтастықты таныту, үнатысу мен серіктестіктің негізінде Азия мен әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға бірлесе күш-жігерін жұмсаудың маңызды алаңына айналды. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев – Шанхай ынтымақтастық ұйымының негізін қалаушылардың бірі. 1998 жылы Алматы қаласында өткен «Шанхай бестігі» форумы елдері лидерлерінің үшінші кездесуі ШЫҰ-ның құрылуы тарихында маңызды орын алды. Аталған форумда ұйымға қатысушы мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық шеңбері кеңейіп, шекаралық қауіпсіздікпен қатар, біртұтас саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынас бастау алды. Шанхай ынтымақтастық ұйымының құрылуын, дамуы мен нығайуын Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан



кемеңгерліктің 30 жылы



Суреттер Президенттің баспасөз қызметінен алынды

Назарбаевтың күш-жігерінен, халықаралық стратегиялық ұстанымы мен саяси ақыл-ойынан бөліп қарауға болмайды, – деді ол.

Тамырлас Түркия елінен келген белгілі сарапшы Құршад Зорлудың да пікірі осыған тоқайласты. Елбасының бауырлас елдер арасындағы рухани байланыстың беки түсуіне зор үлес қосқанын, саяси интеграциялық ұйымдарға серпін беріп, оларды түбі бір түркі халықтарының ортақ мұратына жұмылдырғанын мақтанышпен айтты.

– Нұрсұлтан Назарбаев ел басқаруға келгелі Қазақстан экономика, сыртқы саясат, білім және ғылым жағынан беделді мемлекетке айналды. Мемлекеттің негізін қалаған тұлға ретінде Сізді барша түркі әлемі бағалайды. Сіз бір сөзіңізде былай деген едіңіз: «Біздің жастар өз тарихын білуі керек. Сақтар, ғұндар, түркілерден бастап білуі тиіс». Бұл сөздеріңіз түрік жастары тарапынан жақсы қабылданып, әлеуметтік желіде миллиондаған мәрте жарияланды. Өткен жылы Түркияда жүргізілген әлеуметтік зерттеулердің қорытындысына сәйкес, бүгін Түркі әлеміндегі ең танымал Көшбасшы сіз екенсіз. Біз Сізді түркі қауымының Білге қағаны деп санаймыз, – деді түрік сарапшысы. Сарапшының сөзінше, Түркия академиясы жуық арада Елбасының 30 жылдық көшбасшылығы туралы жазылған құнды еңбекті түрік тілінде жарияламақ.

Конференция қоғамның тұрақты дамуындағы, еліміздің экономикалық және әлеуметтік саяси жаңғыруындағы Елбасының қызметі мен бастамаларының және оның барша әлемде жаһандық қауіпсіздік пен сенім ахуалын жасақтаудағы күш-жігерінің ролі мен маңыздылығын зерделеуді, Елбасының саяси көшбасшылық феноменін, тұлғаның тарихтағы ролін одан әрі зерттеу мәселесі сараланды. Көптеген отандық және шетелдік сарапшылар Нұрсұлтан Назарбаевтың посткеңестік кеністіктегі тәжірибесі, стратегиялық көзқарасы мен саяси түйсігі жағынан ешкім тең келмейтін саясаткер екендігін, шығармашылық ойлау дарыны, өзінің озық идеяларын тудыруға және оны өміршең етуге бірегей қабілеті бар мықты лидер деп мойындады.

Конференцияда сөз алған Қырғыз Республикасының белгілі саяси және қоғам қайраткері, жазушы, филология ғылымдарының докторы Осмонакун Ибраимов өзінің Қырғызстанның мемлекеттік хатшысы болған 2001-2005 жылдар аралығында байланысудың жоғары технологиялық құралдары болмағанын, екі ел арасындағы қарым-қатынас мәселелерін мемлекет басшыларымен тікелей тілдесу арқылы шешуге тура келгенін, Нұрсұлтан Назарбаев сол кездесулердің әрбірінде бастысы, ілгерілемелі даму екенін алға тартып отырғанын айтты.

«Сонғы 30 жыл Қазақстан үшін өз жолын табудың сындарлы жылдары болды. Бұл жылдар көптеген қиындықтарды еңсеру, жаһандық әлем құрылымындағы лайықты орны үшін күресу жылдары болды. Ол үшін кейбір жағдайларда алға ұмтылып, өсім таныту үшін пәрменді де қатал шешімдер қабылдауға тура келді. Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен осы мәселені оңтайлы шешті. Оның басты себебі – Қазақстанның айқын мақсаты, қуатты да қоғамды ұйыстыратын ұлттық идеясының болуы. Осының бәрін жүзеге асыру үшін заманауи геосаясаттың тілін меңгеру, нақты дипломатия қажет еді. Ең бастысы, Нұрсұлтан Назарбаев дәуіріндегі Қазақстан сырттағы біреулер дайындап берген сценарийді жүзеге асырамын деп уақытын зая етпей, нақты іспен айналысу керектігін уақытында түсіне алды. Қазақстан ең алдымен тұрақтылықты таңдады. Біз

Қырғызстанда оның не екенін жақсы түсінеміз. Саяси тұрақтылық – даму мен алға қойған мақсаттарға жетудің ең басты кепілі. Сондықтан осы отыз жыл Қазақстан үшін тұрақтылықтың өзіндік үлгісін дамыту жылдары болды. Ең бастысы, мемлекет құру кезеңі болды», деді Осмонакун Ибраимов.

Америкалық саясаттанушы және журналист, Ресей – Еуразия, Шығыс Еуропа, Таяу Шығыс өңірлерінің қауіпсіздік пен энергетика саласындағы халықаралық қатынастар жөніндегі маманы Ариэль Коэнның «Жақсы серіктестікте: Нұрсұлтан Назарбаев ұлт негізін салушылардың арасында» атты баяндамасына үлкен қызығушылық танытылды. Ол «Қазақстан Нұрсұлтан Назарбаевтың сындарлы басқаруының арқасында қазіргі жетістіктерге жетіп отыр. Қазақстан ортадан жоғары кіріс деңгейіне 20 жылға жетпей жетті. Нұрсұлтан

Назарбаев елді басқарған жылдары жан басына шаққандағы ішкі жалпы өнім он есеге өсті. 1990 жылғы 1600 доллардан 2018 жылдың соңында 10 мың долларға жетті. 2006 жылдың өзінде Қазақстан кіріс көлемі ортадан жоғары елдер тобына енген болатын. Нұрсұлтан Назарбаев мұнымен тоқтаған жоқ. Ол осы жылдардан бастап келешекті құрылымдық және институционалдық реформаларды жүргізе бастады. Бұлар мемлекеттің экономикаға ықпалын төмендету және серпінді, заманауи, шикізатты емес инновациялық саланың дамуына қолдау көрсетуге бағытталған болатын. Сондай-ақ ол әлемдік аренадағы Қазақстан беделін көтеруге және экономиканың әлемдік қауымдастықпен бірігуіне күш-жігерін жұмсады», дей келе, осынау жауапты жылдары Елбасы ел экономикасына жана тыныс әкелгенін айрықша айтты. Озық отыздыққа бағыт алып,

биік белеске бет түзеген мемлекет саясатының сахнасында жүрген қайраткерлер де өз ойларын ортаға салды. Олардың пікірінше, Нұрсұлтан Назарбаев – қазақ мемлекетінің іргесін бекітіп, шекарасын шегендеген, отыз жыл бұрын ешкім танымаған жас мемлекеттің беделін бес құрылққа танытып, ажарын арттырған ерен тұлға.

Мемлекет және қоғам қайраткері Өмірбек Байғелді: «Нұрсұлтан Әбішұлы өзінің барлық міндетін абыроймен атқарды. Қиын-қыстау күндердің барлығын халқымен бірге бастан өткерді. Талай жыл бірге істедік, бір терінің пұшпағын иледік. Ол кісінің есімі тарихта алтын әріппен жазылуға тиіс», десе, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Нұрлан Нығматулин: «Нұрсұлтан Әбішұлы бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманын орындап, тәуелсіздіктің тұғырлы болуын, тұрақты болуын қамтамасыз етті. Ол жаңа мемлекетті ғана емес, сонымен бірге қазақстандықтарды жаңа біртұтас ұлт етіп қалыптастырды», деп бүгінгі жеңістер Елбасының еңбегінің жемісі екенін айтты.

Алқалы жиында Парламент Мәжілісінің депутаты, 1980-1991 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі болған Қуаныш Сұлтанов та сөз алды.

– Біздің көпшілігіміз, яғни бүгінгі конференцияға қатысушы замандастар екі дәуірде өмір сүріп келеміз. Бүгінгі кездесуіміз, кейбіреулер шолақ ойлайтындай, өткенді аңсау емес, тарихымыздан сабақ алу, өсу жолдарымызды жадымызда сақтау, теңсіздіктен арылып, теңдікке қол жеткізуіміздің қадірін, қасиетін білу. Осыдан 30 жыл бұрын – 22 маусым күні Қазақстан қоғамы бірінші басшы лауазымына Нұрсұлтан Назарбаев әлдеқашан

лайықты болса да, сол кездегі Орталық билік, яғни КОКП Бас хатшысы М.Горбачевтің ойнамалы саясатынан көңіліміз алаңдап, жүрек тыныш таппай, «1986 жылдағыдай тағы қандай күтпеген оқиға болуы мүмкін, деп Орталық Комитетке келіп едік. Алматыда таңертен аздап жылы жаңбыр жауып, күн жадырап шыққан... Жақсылыққа жорыдық... Пленум ашылып, мінбеге Мәскеудегі одақтық Орталықтың өкілі – КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, КОКП ОК хатшысы В.М.Чебриков көтерілгенде, «не айтар екен?» деп зал сілтідей тынды. Мәскеу өкілінің аузынан «Нұрсұлтан Назарбаев» деген сөз шыққанда залда отырған бес жүз адам жылы қарсы алып, ұзақ қол соғып, қолдау көрсетіп еді. Дәл осы күні, дәл осы залда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XV пленумы өткізіліп, осыған дейін Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметін атқарған Нұрсұлтан Әбішұлы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. Сол күннен бастап Қазақстан басшысының республика жұртшылығының мүддесіндегі әрбір сөзі, әрбір бастамасы қалың елдің көңілінен шығып, Мәскеудегі Орталық билік біздің басшымызбен санасатын болып, еңсеміз көтеріле бастады. Нұрсұлтан Әбішұлы бірден одақтық институттардың ескіргенін, заман талабынан қалып қойғанын, әсіресе экономика, ұлт, басқарушы аппарат, кадр мәселелерінің шамадан тыс орталықтанып кеткенін, көптеген әдіс-тәсілдердің, кейбір шешімдердің әділетсіздігін, қаулы-қарарлардың жарамсыздығын одақтық мәртебелі жиындардың мінберінен ашық, батыл сынға алды. Бірер мысал: 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы студент жастардың шеруіне байланысты 1987 жылы КОКП Орталық Комитеті арнайы қаулы қабылдап, сол құжатта «қазақ-қазақ национализм» деп баға берген. Нұрсұлтан Әбішұлы осы қаулының әділетсіздігін дәлелдеп, әлденеше рет Саяси Бюрода көтеріп жүріп, қаулының күшін жойғызды. Бұл билеуші Компартия тарихында бұрын-соңды болмаған оқиға еді, – деді Қуаныш Сұлтанов.

Қатысушылар назарына Елбасы кітапханасы қорларынан «Кемеңгерліктің 30 жылы» көрмесі ұсынылды. Қонақтар тәуелсіздік жолындағы өзіндік бір рөмізге айналған нышандық оқиғалар: 1990 жылғы 25 қазандағы «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы» декларациясы, 1991 жылғы 29 тамызда Семей сынақ алаңының жабылуы, 1991 жылғы 1 желтоқсанда өткен Қазақстан Президентінің сайлауы секілді ел тарихындағы елеулі оқиғаларға көрмедегі естеліктер арқылы сапар шекті.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев конференция аясында алматылық жастармен жүздесіп, келешек ұрпаққа арналған жолдауы бар «уақыт құты-капсуласын» салу рәсіміне қатысты. Ол бұл жолдаудың болашақ ұрпақ үшін ерекше мәні бар құжат екенін айтты.

– Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанның бағындырған белестері аз емес. Аға буын бүгінгі жастардың бақытты өмір сүруі үшін біздің қандай қиын кезеңдерді бастан өткергенімізді жақсы біледі. Біз еліміздің игілігі үшін жұмыс істедік. Қазақстанды әлемге таныттық. Мен өз мақсатымызға қол жеткізгеніміз үшін өте қуаныштымын. Бұл құты-капсула 30 жылдан кейін ашылады. Осы жылдар ішінде көп нәрсе болуы мүмкін. Бірақ Қазақстан және оның азаматтары өз даму жолымен ілгерілеуін жалғастыра беретін болады, – деді Қазақстанның Тұңғыш Президенті.

Соңында Елбасы қазіргі жастардың Қазақстанды нығайтып, өркендету үшін еңбек ете беретініне сенім білдірді.



Суреттер Елбасының баспасөз қызметінен алынды